

Ш.Қ. «Ерсұлтан» жеке «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы.

Тақырыбы: «Ана өмір шырағы»

Өткізген: Ш.А.Ихсанова.

2023-2024 ЖЫЛ

## 8 наурыз мерекесіне арналған «Балдаурен» тобының ертеңгілігі

**Мақсаты:** балаларға 8 наурыз халықаралық мейрамы екенін ұғындыра отырып аналарын ешқашан ренжітпеуге қолғанат болуға әрқашан құрметтей білуге тәрбиелеу.

**Жүргізуші:** Құрметті аналар әжелер сіздерді келіп жеткен 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Той пердесін ашайық

Тойға шашу шашайық

Аналарды құрметтеп

Ән маржанын шашайық

Балалар орындауында «Анашым анажаным» әні

Ән «Анашым анажаным»

**Жүргізуші:**

Балалар, ортамызға Көктем ханшайымы шақырайық.

*Музыка әуенімен көктем кіреді*

**Көктем:** Сәлеметсіңдерме балалар аналар әжелер сіздерді мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын, қандай әдемі болып кеткенсіңдер

Мен көктеммін көктеммін

Жылда келіп кеткенмін

Көзін ашыш бұлақтың

Түбіне тал еккенмін.

**Жүргізуші:** қош келдің төрлет көктем, сені біз көп күттік мерекені бізбен бірге қарсы ал, балалар сен туралы ән шырқап берсін.

Балалар көктем ханшайымның қолында сиқырлы қорапша бар. (Қорапшаның ішіне қараса, ішінде АНА жазуы шығады.) Балалар, қараңдар АНА жазуы шығады.

-Кім анасын жақсы көреді?

Кәне балалар ендеше АНА әнге би билеп берейік

би «АНА» флэшмоб

ойын «кір жаю»

**Аяла**

Әжем менің әлі де,  
Ұқсамайды кәріге.  
Шай қайнатып береді,  
Қажет болса бәріне.  
Базарғада барады,  
Бәрін сатып алады.

**Айгерім**

Таусылмайтын өлеңі,  
Күнде айтып береді.  
Барған сайын бір жаққа,  
Кәмпит алып береді.  
Әжем менің өткені,  
Өте жақсы көреді.

**Ясина**

Мамаларды сүйеміз,  
Сөзін ойға түйеміз.  
Әжені де ардақтап,  
Әдеппен бас иеміз.

**Заһир**

Өзің мені өсірген  
Айналайн ақ әжем  
Тентек болсам кешірген  
Балдай тәтті бал әжем

**Рамазан**

**Жүргізуші:** жарайсындар аналар

Ендеше аналарымызға арнап Аяулы анашым әніне кезек берейік

**ән: «Аяулы анашым»**

**Жүргізуші:** біздің қыздарымыз үнді биін тамашала

**би: «қыздар»**

**Жүргізуші:** Балалар тақпақтарын айтады

**Хамзат**

Бізді өсірген апатай,

Еңбегің де зор екен.

Құтты болсын апатай,

Құтты болсын мерекен.

**Даяна**

Ел жатқанда жатпаған,

Мен деп тыным таппаған.

Бақыты үшін баланың,

Аман сау бол, ақ мамам.

**Айя**

Ақ қабақты анашым,

Күн сәулесі анашым.

Әлпештеген баласын,

Айналайын анашым.

**Ерке**

Ана өмір шырағы,

Ан өмір бұлағы.

Бесігімнің жыр әні,

Жүрегімде тұрады.

**Батыр**

Әже деген көп шығар,

Әжемдей адам жоқ шығар.

Айналайын дегені,

Жанға рахат береді.

**Жүргізуші:** - Ал балалар!  
Ойнайық та күлейік.  
Кәне енді бұрылып  
Би билеуге тұрайық.

**Ән:** «Нұрын төкен маған»

**Көктем:** балалар мерекелік көңіл күй сыйлағандарына рахмет, келесі жылы кездескенше сау болыңдар

**Жүргізуші:** Осымен біздің мерекеміз аяқталды. Қымбатты да аяулы аналар! Мерекелеріңіз құтты болсын! Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздер. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман болайық! Сау болыңыздар!

А АНН

.. 34